

Бекітемін:

"Шұғыла" бөбекжай - балабақшасының  
меңгерушісі Қ.С. Бектұрғанова

" 11 " *ноябрь* 2023 ж



Келісемін:

"Шұғыла" бөбекжай - балабақшасының  
әдіскері Ж.К.Тоқсанбаева

" 28 " *ноябрь* 2023ж

## **"Балапан" тобының 2023-2024 оқу жылының арналған перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Г. Тоғаева .

Н. Қыстаубаева

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТ КЕСТЕСІ**  
**(2023-2024 оқу жылына арналған)**  
**«Балапан» кіші топ**

<b>Ұйымдастырылған іс әрекеттер</b>	<b>Жүктемесі</b>
<b>Дене шынықтыру</b>	<b>Дүйсенбі Сәрсенбі Жұма Күн сайын</b>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Күн сайын</b>
<b>Көркем әдебиет</b>	<b>Күн сайын</b>
<b>Құрастыру</b>	<b>Күн сайын</b>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	<b>Күн сайын</b>
<b>Сурет салу</b>	<b>Күн сайын</b>
<b>Мүсіндеу</b>	<b>Күн сайын</b>
<b>Жапсыру</b>	<b>Күн сайын</b>
<b>Музыка</b>	<b>Сейсенбі Күн сайын</b>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына  
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Балапан» тобы

Балалардың жасы: 2 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Денешынықтыру	<p><b>-Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Өртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен жүру.  <b>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</b> Тура жолмен жүру.  <b>Жүгіру.</b> Бір қалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Шектеулі жазықтың бойымен еңбектеу.  <b>Домалату, лақтыру.</b> Екі қолмен, әр- түрлі тәсілдермен (төмен) лақтыру;  <b>Секіру.</b> Бір орында қос аяқпен секіруге үйрету.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>  <b>Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Қолды алға, жоғары көтеру.  <b>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Алға икіне екі жаққа екею.  <b>Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Орнында жүру  <b>. Қимылды ойындар:</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруге үйрету</p>

<b>Сенсорика</b>	қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, заттардың атын, түсін атау
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің атын атау. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.
<b>Құрастыру</b>	жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау;
<b>Сурет салу</b>	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.
<b>Мүсіндеу</b>	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;
<b>Жапсыру</b>	- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін көру және сипап-сезу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру; - желімсіз жапсыру техникасын игеру; - көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге баулу; Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету

Ай	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Денешынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру.  <b>Тене-теңдік сақтау жаттығулары.</b> Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру.  <b>Жүгіру.</b> Бір қалыпта аяқтың ұшымен жүгіру  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Көлбеу тактайдың бойымен еңбектеу.  <b>Домалату, лақтыру.</b> Екі қолмен бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанға (төмен) лақтыру;  <b>Секіру.</b> Алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіру.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>  <b>Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Қолды екі жаққа көтеру.  <b>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b>  <b>Жаныңда тұрған (отырған) адамға қолыңдағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.</b>  <b>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүту. <b>Қимылдың ойындары:</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындаройнауға ынталандыру</p>
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.
	Көркем әдебиет	кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталау
	Сенсорика	түрлі сенсорлық әсерлермен байыту
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.  Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану</p>
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру
	Сурет салу	сурет салу техникасын жетілдіру
	Мүсіндеу	сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;
Жансыру	фланелеграфпен жұмыс: қарапайым композиция құру және орналастыру;	

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b>Берілген бағытта шеңбер бойымен жүру.  <b>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</b>заттарғашығу(гимнастикалық скамейкаға);тұру, түсу.  <b>Жүгіру.</b> Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20метрдейін)шағын топқа бөлініп жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b>Доғаның астынан еңбектеу.  <b>Домалату, лақтыру.</b>Екі колмен, әртүрлі тасілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру;  <b>Секіру.</b>10-15 сантиметр биіктіктен секіруге,  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>  <b>Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b>Қолды кеуде тұсында айкастыру. Арканың бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгуге және жазу.  <b>Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып тартылу.  <b>Қимылды ойындар:</b>  Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға аяқпалете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру) жетілдіру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көгеріс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен дамыту
	Көркем әдебиет	Шығарманың арманың мазмұнын түсіну және эмоционалы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеуді дамыту
	Сенсорика	көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
	Құрастыру	құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолдана отырып, оларды ойнату және тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинастыру;
	Сурет салу	түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;
	Мүсіндеу	техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу.
	Жапсыру	фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Денешынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b>Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып жүру.  <b>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</b>заттарғашығу(гимнастикалық скамейкаға):қолдарын жоғары көтеру.<b>Жүгіру.</b> Әртүрлі қарқынмен заттардың парсымен жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b>Гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу.  <b>Домалату, лақтыру.</b>Отырып доптарды домалату.  <b>Секіру.</b>Еденде жатқан секіргіштен аттап секіруге үйрету.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жаққа жазу.  <b>Арканың бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру.  <b>Иштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Аяқтың өкшесін алға қою.  <b>Қимылды ойындар:</b>Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ойқпалете отырып, негізгі қимылдарды (лақтыру) жетілдіру.  <b>Спорттық ойындар:</b>  <b>Шанмен сырғанау.</b> Шанаға отырып, бір-бірін тартып сырғанау.</p>
	Сөйлеуді дамыту	еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), карама-карсы мәндес әрекеттерді (ашу- жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен таныстыру
	Көркем әдебиет	мереке туралы қуаныш, мақтаныш сезімдері берілген қысқа тақпақтарды жаттауды
	Сенсорика	түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
	Қоршаған ортамен анықтыру	Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарына аудару. Ересектерге көмектесуін үйрету.
	Құрастыру	балалармен бірге қарапайым құрылысты құрастыру
	Сурет салу	дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелеу
	Мүсіндеу	шыны аяқ, табакты илеп жасауда саз кесегін саусақпен басып, тереңдете алуға үйрету
	Жапсыру	Симметриялық пішіндерді орналастыра білуді және жапсыру мен сурет салуды кіріктіруді қалыптастыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Денешынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру  <b>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</b> заттарғашығу (Жұмсақ модульге): тұру, түсу.  <b>Жүгіру.</b> Әртүрлі қарқынмен заттардың арсымен бірінің соңынан бірі бүкіл топпен жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен) еңбектеу.  <b>Домалату, аяқтыру.</b> Отырып және тұрып доптарды домалату.  <b>Секіру.</b> Еденде жатқан лентадан аттап секіруге үйрету  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; оларды бүгіп жазу.  <b>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру  <b>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып)  <b>Қимылды ойындар:</b> Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (домалату) жетілдіру.  <b>Спорттық ойындар:</b> Шанмен сырғанау. Шананы жібінен сүйретуге. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.  Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p>
	Көркем әдебиет	Таныс шығармалардың қарапайым мазмұндарын ойнап көрсетуді
	Сенсорика	Түстерді ажырата алу қабілеттерін дамыту
	Қоршаған орта мен таныстыру	Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.
	Құрастыру	қағазбен жұмыс істеудің бірлескен қарапайым тәсілдерін құру ( кию және жырту), қиылған кесектерде және жыртылған қағаздарда "бейнені" көру;
	Сурет салу	қағаздың қасиеттерін біледі; қарындашты дұрыс ұстай алады (үш саусақпен)
	Мүсіндеу	заттардың ұқсастықтарын таба алу дағдысын қалыптастыру
Жапсыру	дайын сұлбаға элементтерін салып аяқтай алу дағдысын қалыптастыру	



А II	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	<b>Денешынықтыру</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b>Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру.  <b>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</b>заттарғашығу(Жұмсақ модульге):қолдарын жоғары көтеру  <b>Жүгіру.</b> Бағытты өзгертіп 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Арқанның астынан нанысанаға дейін төрттағандап (тіземен тіреп) еңбектеу. Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 0,5-метр арақашықтықта доптарды домалату.  <b>Секіру:</b> (Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; қолды шапалақтау  <b>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Тізерлеп тұрып өкшеге отыру.  <b>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып тартылу.  <b>Қимылды ойындар:</b> Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру).  <b>Спорттық ойындар:</b> <b>Шанмен сырғанау.</b> Ойыншықтарды шанмен сырғанатуға үйрету. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.
	<b>Көркем әдебиет</b>	3–5 сөзден тұратын тіркестерді, сөйлемдерді айтады, ақпараттармен бөліседі;
	<b>Сенсорика</b>	берілген 3–4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті байланыс орната білу;
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгіністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.
	<b>Құрастыру</b>	тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды пайдалана отырып, олармен ойнау дағдыларын қалыптастыру
	<b>Сурет салу</b>	парақ бетіне бояу жағу арқылы қарама-қайшы түстегі дақтарды үйлестіріп бейнелей білу;
	<b>Мүсіндеу</b>	кесектерді біріктіруге үйрету
	<b>Жапсыру</b>	кеңістікті бағдарлауға үйрету, қағаз бетінде жұмыс істеуге жаттықтыру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Денешанықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Бүкіл төппен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру.  <b>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</b> Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттапоту.  <b>Жүгіру.</b> Бағытты өзгертіп шашырап 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50x50 сантиметр модульге өрмелеу.  <b>Домалату, лақтыру.</b> Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 1,5-метр арақашықтықта доптарды домалату.  <b>Секіру:</b> (Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолдың білектерін, нық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; қолдарды алға-артқа сермеу.  <b>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Тізерлеп тұрып өкшеге отыру және тұру.  <b>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Орнында жүру. 1. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу.  <b>Қимылдың ойындары:</b> Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (аяу сияқты қорбаңдап жүру).</p>
	Сөйлеуді дамыту	Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	қысқа өлеңдерді анық, асықпай айтады, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алуға үйрету
	Сенсорика	заттардың санын ажырату (біреу — көп);
	Қоршаған ортаны таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лак, бота), аңдармен (аяу, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
	Құрастыру	көлік құралдарының, автомобиль бөліктерінің атауларын айтуға үйрету
	Сурет салу	қағазға, құмға саусақпен сурет салу
	Мүсіндеу	қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу: білезік, жүзік, қол сағаттар
Жапсыру	Дайын пішіндерді дұрыс орналастыруды үйрету Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтар мен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.	

	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	<b>Денешынықтыру</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b>Шағын топпен ірелектелген лентаның бойымен жүру.  <b>Тене-теңдік сақтау жаттығулары.</b> Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан кедергілерден (ленталардан) аттап жүру  <b>Жүгіру.</b> Жүруден жүгіруге керісінше ауысу.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50x50 сантиметр модульге өрмелеу.  <b>Домалату, лақтыру.</b> Доптарды бір – біріне домалату.  <b>Секіру:</b> Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>  <b>Қолдың білектерінің, нық белдеуінің бұлшықеттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Қолды артқа қою; саусақтарды бүгу және ашу.  <b>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Жаныңда тұрған (отырған) адамға қолыңдағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.  <b>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Орнында жүру. Бастапқы калыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу.  <b>Қимылдың ойындары:</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> <b>Велосипед тебу.</b> Велосипедтен ересектердің көмегімен және көмегіңсіз түсу</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».
	<b>Көркем әдебиет</b>	халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу;
	<b>Сенсорика</b>	әртүрлі көлемдегі заттарға (үлкен үй-кішкентай үй, үлкен матрешка - кішкентай матрешка, үлкен доп-кішкентай доп және т.б) және оларды сөйлеуде атауға назар аудару біліктерін қалыптастыру.
	<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>	Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.
	<b>Құрастыру</b>	қарапайым пазлдарды жинай алу қабілеттерін қалыптастыру
	<b>Сурет салу</b>	балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суреттерін толықтыру) қызығушылықтарын тудыру;
	<b>Мүсіндеу</b>	саз балшықтың кесегін алақан арасына салып илей алу дағдысын қалыптасыту
	<b>Жапсыру</b>	Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Денешынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <b>Жүру.</b> Шағын топпен ирелектелген лентаның бойымен жүру. <b>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</b> Тактайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан кедергілерден (текшелерден) аттап жүру. Орнында баяу айналу. <b>Жүгіру.</b> Жүруден жүгіруге керісінше ауысу.  <b>Еңбектеу, өрмелеу.</b> Шектеулі жазықтың, көлбеу тактайдың бойымен доғаның астымен еңбектеу.  <b>Домалату, лақтыру.</b> Екі колмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру.  <b>Секіру:</b> Еденде жатқан секіргіштен, лентадан аттап секіруге үйрету.  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолдың білектерінің, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды артқа қою; саусақтарды бұғу және ашу.  <b>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b>  <b>Жаныңда тұрған (отырған) адамға қолыңдағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.</b>  <b>Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</b> Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу  <b>Қимылды ойындар:</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.  <b>Спорттық жаттығулар:</b> <b>Велосипед тебу.</b> Ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	кітаптағы суреттерді қарау, олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру, көлемі бойынша шағын өлеңдер мен такпақтар жаттауды бекіту. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.
	Сенсорика	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыра алады
	Қоршаған орта мен таныстыру	Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, осімдіктермен жануарларға сүйіспеншілікті таныту және қамқорлық жасау. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарының (текшелер, кірпіштер) негізгі пішінін ажыратып, құрастыру
	Сурет салу	түрлі-түсті қарындаштармен, фломастердің, гуашьтің төрт түсімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру
	Мүсіндеу	мүсіндеуге арналған түрлі материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру
	Жансыру	фланелеграфтың кенепін қолдану арқылы қарапайым композицияларды құрастыруға машықтандыру Қағазға: «қошқар мүйіз», «көз» оюларын орналастыруды үйрету.